

Үшараи негізгі жалпы білім беретін мектебі

Тақырыбы:

Ислам дінінің пайда болуы және оның әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері.

Дайындаған: Ақдөңов Б.Б

Мақсаты

Білімділік: Оқушыларға Ислам дінінің пайда болуы және оның әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері туралы мағлұмат беру.

Дамытушылық: Оқушыларға түрлі тапсырмалар бере отырып, өз бетімен оқуға, ізденуге және жүйелі ойлау мен талдай білуге үйрету, діни сауаттылығын арттыру.

Тәрбиелік: Діннің халыққа беретін тәрбиелік өсиетін, ізгілікке шақыратынын түсіндіріп, Отанымызды сүюге, ата-бабаларымыздың рухани сенімін құрметтеуге, имандылыққа, толеранттылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың типі: Жаңа сабақты меңгерту. Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: баяндау, әңгімелесу, сұрақ-жауап, СТО. Сабақтың көрнекілігі: Сурет-сызбалар, діни әдебиеттер, журналдар, слайд

Пән аралық байланыс: тарих, әдебиет, Адам қоғам құқық. Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, назарын сабаққа аудару.


І. Қызығушылықты ояту.



«...Бүгінгі біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз. Біздің Конституция сенім бостандығына кепілдік береді, бұл-факт. Бірақ, өздеріңіз білетіндей, шексіз еркіндік деген болмайды. Ол дегеніміз-хаос. Барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс. Әркімнің таңдау құқығы бар. Діни таңдауға өте үлкен жауапкершілікпен қарау керек, өйткені, адамның өмірлік салты, тұрмысы, көп жағдайда бүкіл өмірі соған байланысты. Бүгінде, интернет пен жоғары Технологиялар ғасырында, ақпарат тасқындаған заманда, «сүзгі» адамның ішінде болуы керек...»

«Қазақстан-2050» стратегиясы.

Тест.



1. Христиан діні алғаш қай елде пайда болды?

- а)Иранда;
- ә)Палестинада;
- б)Сирияда.

2. Христиан дінінің негізін салушы?

- а)Сидһартха Гаутама;
- ә)Мұхаммед пайғамбар;
- б)Иисус Христос.

3. Христиан дінінің қасиетті кітабы?

- а)Құран;
- ә)Трипитака;
- б)Інжіл.

4. Христиан діні қашан пайда болды?

- а)Б.д.І ғасырында;
- ә)Б.з.б.І ғасырда;
- б)Б.д.ІІІғасырда.

5. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңы қашан қабылданды?

- а) 2002ж.8тамыз;
- ә)2011ж.11қазанда;
- б)2007ж.27шілдесінде.

II. «Мен саған, сен маған» ойыны.



Кесте толтыру.



II. Мағынаны тану.



I. Ассосация әдісі:



II.«Түртіп алу» әдісі.

«V» бұрыннан білемін.

«+» мен үшін жаңалық.

«?» мағына түсініксіз.

«-»келіспеймін.

V	+	?	-

Ислам-біздің заманымыздың 609-632жылдар аралығында (VIIғасыр) шығыс пен батыс мәдениеттері тоғысып жатқан

Араб түбегінде пайда болған әлемдік діндердің ең жасы.

«Ислам» сөзі арабшада «бейбітшілік», «бағыну», «мойынсұну»

деген мағыналарды береді. Жаратушыны жалғыз, дара деп қабылдауымен

Ислам монотеистік дін болып табылады. Негізгі ұстанымдары-

Құран кітап пен Мұхаммед пайғамбардың өнеге етіп қалдырған

іс-амалдары(сүннеті). Деректер бойынша, хазірет Мұхаммедке

(с.а.с.) пайғамбарлық ақыл-ойы кемелденген 40жасында қонған.

Елшілік міндетті 610 жылы Рамазан айында Хира тауының басында

Жәбірейіл періште жеткізген делінеді. Періштенің жеткізген аяндары

«уахи»деп аталған. Тауда үңгір ішінде отырған бір сәтінде Жәбірейіл

періште хазірет Мұхаммедке (с.а.с.) өз бейнесінде көрініп, алғашқы

аяттарды түсірген. Алғашында бұл оқиғадан хазірет Мұхаммед

(с.а.с.) қатты қорыққан. Кейіннен өзіне елшілік міндеті берілгеніне

нақты көзі жеткенде, түскен әмірлерді қалтқысыз орындай бастаған.

Жәбірейіл періште арқылы, Алла тағаладан аян түсуі өмірінің

соңына дейін үзбей жалғасқан. Исламда адамның ең үлкен

жауы- шайтан мен нәпсі болып табылады.

**Ханафи
Мәзһабы**

(Иман Ағзам Әбу Ханифа
ән-Нүғман ибн сәбит)

**Малики
мәзһабы**
(Мәлік ибн Әнәс)

*Исламдагы төрт
мәзһаб*

**Шафиғи
мәзһабы**
(Мұхаммад ибн Идрис
аш-Шафиғи)

**Ханбали
мәзһабы**
(Ахмед ибн Ханбал)

Ш а р и ғ а т .

Исламдағы шариғат төрт мәселені қарастырады:

1. Сенім, иман мәселелері.
2. Амал.
3. Тәрбие(ахлақ).
4. Құқықтық істер.

Ислам дінінің бес парызы.

- 1.Куәлік сөзін айту;**
- 2.Намаз оқу;**
- 3.Ораза ұстау;**
- 4.Зекет беру;**
- 5.Қажыға бару.**

Қағба-Ислам дінінің қасиетті мекендерінің бірі.Дүние жүзіндегі барлық мешіттердің михрабтары осы жаққа бағытталған.

Қағба-тас мәрмәрлардан жасалынған 15метрлік биіктіктегі кубтан тұрады.

Қағба тасы «кисуа»деп аталатын қара матамен қапталған.

Кисуаның шеттеріне алтын жіптермен Құран сөздері жазылған.

Қағба-мұсылман әлемінің орталығы.

Ораза-арнайы ниет ете отырып,таңның атысынан кештің батуына дейінгі уақыт аралығында,тамақ ішуден бас тарту және басқада шарифатта көрсетілген талаптарға сай артық істер жасамау дегенді білдіреді.

«Зекет» сөзі-араб тілінде көбею,өсу,тазалық деген мағыналарды білдіреді.

Ол мұсылмандардағы тек дәулетті,бай кісілерден талап етілетін салықтың түріне жатады.

Қажылық- қасиетті жерге зиярат ету дегенді білдіреді.

Мұсылмандар қажылық айлары деп аталатын арнайы уақытта Мекке қаласына сапар шегеді.

Иман шарттары.

/иманның 6 шарты/

1. Алла тағалаға сену;
2. Періштелерге сену;
3. Кітаптарға сену;
4. Пайғамбарларға сену;
5. Ахирет күніне сену;
6. Жақсылық пен жамандықтың Алладан екендігіне, тағдырға сену.

Алла тағалаға сену.

Ислам діні бойынша Жататушы жалғыз болып табылады.
Осы тұрғыда ол монотеистік діндер қатарына жатады.

Төрт үлкен періштелер:

1. Жәбірейіл-Жаратушының үкімдерін пайғамбарларға жеткізуші.
2. Микәйіл-табиғат құбылыстарына, өсімдіктер әлеміне жауапты.
3. Исрафил- қиямет күнінің тууы мен адамзаттың қияметте қайта тірілуі үшін қызмет атқарады.
4. Әзірейіл- ажалы жеткендердің жанын алушы.

Қасиетті кітаптарға иман.

1. Зәбур.
2. Тәурат.
3. Інжіл.
4. Құран.

Венн диаграммасы арқылы сабақты талдау:

Будда, христиан, ислам діндерін салыстыру (ерекшеліктері, ұқсастықтары)



Термин сөздермен жұмыс.

1. **Атеизм**- Жаратушы құдайдың бар екендігін мойындамайтын және адамның жаны өлмейтінін жоққа шығарушы көзқарастар жүйесі.
2. **Аят**(арабшадан «белгілі», «нышан»)- Құран сүрелерінің аяқталған ойды білдіретін бір бөлігі.
3. **Дәстүрлі емес діндер** - халық арасында миссионерлік жолмен әр түрлі жекелеген көзқарастарды уағыздайтын діндер.
4. **Діни сенім бостандығы** -әркімнің дін мен культтік іс-әрекеттерге қатысуына еркіндік берілу құқығын білдіретін құқықтық ұстаным.
5. **Құран**(араб тілінен «дауыстап оқу»)- құран араб тілінде «көп оқылатын кітап» деген мағынаны білдіреді.
6. **Политеизм**-көпқұдайлық,көптеген құдайлар тіршілігіне негізделген діни жүйе.
7. **Монотеизм**- бір құдайлылық, Құдайдың жалғыздығы туралы ілім және діни ұйымдар жүйесі
8. **Мешіт**-мұсылмандардың құлшылық жасайтын арнайы орны.
9. **Толеранттылық**-басқалардың тұрмыс қалпына, мінез-құлқына,әдет-ғұрып, сеніміне, сезіміне, пікіріне,идеясына төзімділік таныту.
10. **Терроризм**(лаңкестік)- экстремизмнің соңғы көрінісі.Терроризм(лаңкестік) саяси мақсатқа жету жолында қатыгездік,қорқыту,күштеу әдістерін қолданады.
11. **Харам**-Ислам дініндегі тыйым салынған ,шектелген (исламдағы) іс-әрекеттер.
12. **Экстремизм**-төтенше, радикалды көзқарас ұстану.

III. Ой-толғааныс.



Кесте толтыру.

Ислам дініне дейінгі дәуір	Ислам діні пайда болғаннан кейінгі дәуір
Арабстанда нәпсіқұмарлық шегіне жетіп,құмар,зинақорлық, маскүнемдік, зұлымдық,ұрлық,зорлық,өтірік-өсек кең кең етек алды. / «Қараңғылық дәуірі»/	Ислам діні бойынша Жаратушы жалғыз болып табылады.

Қазақстан – қазіргі таңда ұлтаралық келісім мен дінаралық татулықтың ерен үлгісін көрсетіп келе жатқан мемлекет.Отанымыз 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардың алтын ұясы бола отырып, әлемге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы бағыттағы сарабдал саясатының арқасында бейбіт өмір салтанат құрған ел ретінде танылып үлгерді.

Қазақстан өзіндегі дінаралық татулықты ту етіп көтеріп қана қоймай,бүкіл халықаралық қоғамдастыққа Әлемдік және дәстүрлі діндер Көшбасшыларының съездері арқылы да түсіністік ұрығын себуде.Бұған соңғы 10 жыл бедерінде түрлі дін өкілдерінің басын қосып,төрт бірдей съезд өткізгені дәлел болып табылды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездері

Тұңғыш рет
әлемдік
және дәстүрлі
діндер
көшбасшыларының
съезі 2003 жылы
23-24 қыркүйекте
Астанада
ұйымдастырылды

Әлемдік
және дәстүрлі
діндер
көшбасшыларының
II съезі 2006 жылы
12-13 қыркүйекте
Бейбітшілік
және келісім
сарайында өтті.

Әлемдік
және дәстүрлі
діндер
Көшбасшыларының
III съезі
2009 жылы
1-2 шілдеде
Астанада өтті

Әлемдік
және дәстүрлі
діндер
Көшбасшыларының
IV съезі
2012 жылы
30-31 мамырда
Астана қаласында
өтті.

Сонымен, бүгін сабағымызды қорытындылаймыз.

«...Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін- ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал.

Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда.

Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек.

Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз.

Ол- біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек.

Біз өзін өзі ұстанудың ерекше үлгілерін алуға тиіспіз »

деп «Қазақстан - 2050» стратегиясында айтылған.


Ендеше, діни дінгегіміздің беріктігіне барынша жауапкершілікпен қарағанымыз абзал.

Оқушылардың білімін бағалау.

Үйге тапсырма:

Тақырыпты оқу.

Мұхаммед пайғамбардың білім туралы
хадистерін жазып келу.



Назарларыңызға рахмет

